Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.2 – Б. 189-190

ЖАҢА СОЙЫЛҒАН ЖАНУАРЛАР ТЕРІСІНДЕ ЖҮРІЛЕТІН БИОХИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МИКРОБИОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІҢ ШИКІЗАТ САПАСЫНА КЕРІ ӘСЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТЕЖЕУ ТӘСІЛДЕРІНІҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

Захан С.

Жануарды сойғаннан кейін теріде жүрілетін өзгерістер эндогендік және эндогендік сипатта болуы мүмкін. Эндогендік өзгерістер терінің өзіндік құрамы мен қасиеттеріне байланысты туындайды, ал экзогендік өзгерістер сыртқы факторлардың әсерінен жүріледі. Жануар өлгеннен кейін оның тері ұлпасында күрделі биохимиялық үрдістер жалғаса береді. Жануардың тіршілік ету үрдісі тоқтаған соң ағзаға оттегінің келуі мен кейбір зат алмасу өнімдерінің ұлпалардан ажырау үрдісі бұзылады. Нәтижесінде ортаның реакциясы (РН) өзгеріске ұшырап, ыдыратушы ферменттердің әрекет етуіне қолайлы жағдай туындайды. Сөйтіп ұлпалардың өздік ыдырау үрдісі басталады.

Сонымен қатар ағзадағы тіршілік тоқтаған соң тері қабатындағы май және тер бездерінің сыртқы қабыршықтары бүлінуі себепті олардан ағып шыққан сөл маңайына таралуы салдарынан автолиз үрдісі жеделдейді. Осылайша автолиз үрдісі қарқын алу нәтижесінде дерманың торлы және емізікті қабаттарының байланысы босап, теріден жүн талшықтары түсе бастайды. Сонымен қатар жүн талшықтарының босауына жоғарғы температура мен ортаның сілтілік бағытқа қарай өзгеруі де көптеп әсер етеді. Яғни бұл жағдай жаз кезінде, әсіресе жаңа сойылған жануардан сылып алған (жас) терілерді бірнеше сағат бойы жылы күйінде (тұздамай, кептірмей) қалдырып қоюдың салдарынан туындайды.

Автолизге терінің әсіресе жұмсақ, нәзік бөліктері жиі ұшырайды. Оның үстіне теріде су мен ақуыздың құрамы көп, әлсіз қышқыл немесе сілтілік орта болатындықтан микроорганизмдердің әсерінен шіру үрдісі жылдам жүріледі. Бұл микрофлора сілтілік ортаның ықпалымен терінің терең қабаттарына, ең алдымен жүн дорбашаларына, май және тері бездеріне жылдам өтеді. Біраздан соң шіру үрдісі жүн талшығы дорбашалары мен тері бездерінен сирек құрылымды емізікті қабатқа өтеді. Осының бәрі ақырында эпидермистің дерма және терасты ұлпаларының толықтай бүлінуіне әкеп соғады.

Тері ұлпалары бүлінуінің алдын алу үшін автолиз бен шіру үрдісінің орын алуына жол бермеу керек, яғни оларға қолайсыз жағдай тудыру қажет.

Ферменттер мен микробтардың тері құрылымына әсер ету әрекеттері ең әуелі тері ұлпаларының ішіндегі қышқылдық ортаға байланысты. Автолиттік үрдістер әдетте әлсіз қышқыл ортада, ал шіру үрдісі әлсіз сілтілік ортада жүріледі. Сондықтан ортаның қышқылдылығын өзгерту арқылы бұл үрдістердің дамуын тежеуге немесе тоқтатуға болады.

Терідегі микрофлораның дамуына ұлпа ішіндегі және қоршаған ортаның температурасы да көптеп әсер етеді. Микробтардың қарқынды өсіп- көбеюіне ең қолайлы температура 25-30^{0}С. Төменгі температура микроағзалардың көбеюіне кедергі келтіріп, автолиттік үрдістерді тежейді. Ал шірітуші бактериялардың дамуына жол бермеуді антисептикалық заттарды пайдалану арқылы жүзеге асыруға болады.

Алайда бұл тәсілдерді қолданумен тері шикізатының сапасын толықтай сақтап қалу мүмкін емес. Себебі тері шикізатының сапасына басқа да көптеген факторлар (алғашқы өңдеудің технологиялық ережелерінің сақталу жағдайы, қоршаған ортаның жай-күйі, жұмыскерлердің біліктілік деңгейі мен жауапкершілігі т.б.) әсер етеді. Әсіресе табиғаттық ортада ауланатын аң терілері, соның ішінде мамық жүнді бағалы аң терілерінің тауарлық сапасын сақтап қалудың өзіндік (өзгеше) әдіс- тәсілдері болуы тиіс. Ғылыми баяндамада сондай әдіс- тәсілдердің теориялық негіздері қарастырылған.